



Автор: Кадірбай Ерсін Кадірбайұлы

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Заттар және материалдар

Тақырып: Табиғатта заттардың түзілуі, жасанды заттар

мақсаты	Барлық оқушылар . Табиғатта кездесетін заттар туралы мағлұматтарды біледі. Оқушылардың басым бөлігі Табиғаттан түзілетін заттардың жасанды жолдарын ажыратады. Кейбір оқушылар Табиғатта кездесетін және жасанды заттардың қалай жасалынатынын дәлелдеп мысал келтіреді.
---------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Сәлемдесу. Түгендеу. Ой шақыру. Топқа бөлу. Оқушыларға 1,2,3,4 тізбектелген сандар арқылы оқушылар топтарға бөлініп отырады. Жаңа тақырыптың мақсатын ашу үшін «Заттар сөйлейді» әдісін қолданамын. 1.Бұл заттар қандай заттар 2.Олардың қандай қасиеттері бар? 3.Қасиеттерінің ұқсастығына қарай заттарды жинаңдар? (Сұрақтар арқылы сабақтың мақсатын ашу)	қалам өшіргіш, тас, кітап
Сабақтың ортасы (30 мин)	(С)1- Тапсырма«Тыңдап отырған үштік» тәсілі бойынша жаңа тақырыпты меңгеру мақсатында, оқулықтағы мәтінмен танысып, оқып, жұппен талқылап ортаға ойларын ұсынады. Тапсырма: «Ой қозғау» 1. Сирек және жойылып бара жатқан жануарларды қорғауда жасанды жүндердің қандай рөлі бар? 2. Пластмасса қандай заттан алынады? 3. Пластмассадан жасалынған заттардың ағаштан немесе темірден жасалған заттардан қандай артықшылығы бар? Сұрақтар мен тапсырмалар: 1. Табиғи және жасанды заттардың бір – бірінен қандай айырмашылығы бар? 2. Дәмдеуіштер туралы нені білген дұрыс? 3. Не себепті кейбір адамдарда дәмдеуіштерден аллергия пайда болады? Дескриптор: -сұраққа жауап береді -пластмасса қандай заттан алынатынын біледі -пластмассадан жасалған заттардың айырмашылығын ажыратады -дәмдеуіштер туралы біледі -дәмдеуіштерден аллергия болатынын біледі ҚБ- бармақпен бағалау (ЖЖ) 2 -ТапсырмаТұжырымды мұқият оқып «ия» «жоқ» жауаптарын белгілеңіз Ия/жоқ Тұжырым Алтын, тұз, су табиғатта дайын күйде кездеседі. Жасанды заттарға пластмасса жатады. Органикалық заттарға көмірді, мұнайды жатқызамыз Қағаз табиғатта түзіледі Дескриптор: -дайын күйдегі заттарды анықтайды -жасанды жолмен түзілетін заттарды біледі -органикалық заттарды ажыратады -қағаздың қалай жасалынатынын біледі ҚБ: бармақпен бағалау Топтық жұмыс. 3-Тапсырма Кестені толтырыңыз. нысандар Дайын күйде Жасанды түрде Суретке қарап нысандарға мысал келтіріңіз. Дескриптор: - табиғатта жасанды жолмен жасалған заттарды анықтайды - табиғи жолмен алынған заттарды анықтап мысал келтіреді ҚБ: бармақпен бағалау Д(саралау тапсырмасы) 4-Тапсырма. Венн диаграммасы. Табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсет. Ұқсастығы Айырмашылығы Дескриптор: -заттардың ұқсастығын ажыратады - Заттардың айырмашылығын ажыратады -қорытынды жасап мысал келтіреді ҚБ : бағдаршам -түсіндім -орташа -түсінбедім	АКТ
Сабақтың соңы 3-минут (3 мин)	Дескриптор: -заттардың ұқсастығын ажыратады - Заттардың айырмашылығын ажыратады -қорытынды жасап мысал келтіреді ҚБ : бағдаршам -түсіндім -орташа -түсінбедім	стикер